

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 мамырдағы N 470 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі бойынша:

1) көрсетілген қаулыға 201-қосымшада :
6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"шеңберінде үш орталық құруы" деген сөздер "жарғылық капиталын ұлғайтуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жүйесі құрылатын" деген сөздер "мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттер қызметшілер" деген сөздердің алдынан "тұрақты негізде" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 206-қосымшада:
5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: экономиканың әр түрлі секторларында кадрлар даярлау саласындағы отандық және шетелдік тәжірибені зерттеу; жас басшы қызметкерлердің жаңа буынын және елдің нарықтық экономикасының елеулі негізін құруға қабілетті қызметкерлерді тарту; басқарудың қазіргі заманғы әдістерін енгізу есебінен елдің экономика саласындағы ұйымдарының құрылымын жетілдіру; кадрлардың біліктілігін арттыру және Қазақстан мен Германияның тиісті фирмаларының өзара іс-әрекеті бөлігінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау; Германия Федеративтік Республикасының кәсіпорындарына тағылымдамаға жіберу.";

6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"I. Шетелдік оқытушыларды тарта отырып, экономика саласындағы басшы қызметкерлер мен менеджерлердің біліктілігін арттыру. Оқу мерзімі алты айдан а с п а й д ы .

II. Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасының Бірлескен өтінішінің шарттарына сәйкес Германия Федеративтік Республикасының кәсіпорындарына үздік басшы қызметкерлер мен менеджерлерді тағылымдамаға жіберу. 2005 жылдан бастап саны ең көбі - 100 адам.

III. Германия Федеративтік Республикасындағы үздік басшы қызметкерлер мен менеджерлердің тағылымдамасы жөніндегі іс-шараларды үйлестіру.";

7 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "600 басшы қызметкердің" деген сөздер "басшы қызметкерлер мен менеджерлердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "басшы қызметкерлер" деген сөздерден кейін "мен менеджерлер" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзацтағы "басшы қызметкерлердің" деген сөздер "басшы қызметкерлер мен менеджерлердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзац алынып тасталсын;

сегізінші абзацтағы "жоғары басқарушы лауазымдарда" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі